

Автор: Балманова Алия Избасаровна

Пән: Көркем еңбек

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Дені саудың-жаны сау

Тақырып: Қолғап

Қолғап	Есу және жалпақтау тәсілі арқылы қолғапты мүсіндеуді үйрету. Мүсіндеуде саусақ қимыл – қозғалыстарының ептілігін қалыптастыру. Саусақ ептілігін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
--------	--

Сабак барысы

Сабак кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Қолғап (03.12.2019ж)	<p>- Сәлеметсіздер ме, балалар! Жылулық шенбері Біздің топта балалар, Тату - тәтті ойнайды. Дос көнілі әрқашан, Тек жақсылық ойлайды. Ғажайып сәт: Топқа Сайқымазақ келеді. Ол қатты тоңғаны соңшалықты дірілдеп тұрады.</p> <p>- Сайқымазақ, саған не болды? Сайқымазақ: - Сәлеметсіздер ме, балалар! Күннің салқынын-ай, мен қатты тоңып қалдым. Әрі бір қолғабымды жоғалтып алдым. Әрі ізdedім, бері ізdedім. Қайда қойғанымды да білмеймін. Маған көмектесіндегіш? - Түсінікті. Сайқымазақ сен жылынып ал. ал қолғап туралы ойламасаң да болады. Менің шебер қолды балаларым саған қолғаптың неше түрін жасап береді. солай емес пе, балалар?</p> <p>Сайқымазақ: - Алақай, жақсы болды! Енді менің қолым тоңбайды. - Сайқымазақ балалардың қасына отыра ғой. - Балалар, мына суреттерге назар аударайықшы. - Үзүл суреттерде не бейнеленген? - Балалар қолғапта қай кезде килеміз? - Дұрыс, қолғапты біздер қолымыз тоңбас үшін килеміз.</p> <p>Қолғапты жіптен тоқиды, снымен қатар матадан, былғарыдан да тігеді екен. - Балалар, жұмысты бастамас бұрын сергіп алайық. Сергіту сәті Бала, бала, балақан. Қане қайсы алақан. Саусақтарың әйбат Былай-былай ойнат.</p> <p>Топ- топ басайық Жалаудан күн жасайық. Жаса-жаса алтын күн Жаса - жаса жарқын күн. - Жарайсындар, орындарыңа отыра қойындар. - Балалар, сайқымазаққа қолғапты жасап берейік. Қолғапты біздер ермексаздан жасап береміз. Балаларға қажетті құрал - жабдықтар таратылып беріледі.</p> <p>Қолғаптың жасалу жолы түсіндіріледі. - Алдымен ермексазды алақанға салып, жұмсақтып аламыз. Ермексазды жалпайтамыз, ермексазды шымшу арқылы қолғаптың бас бармағын шығарамыз. Балаларды қадағалау, кейір балаларға көмек көрсетіледі. "Сыңарын тап" дидактикалық ойыны. Тақтаға әртурлі қолғаптар бар сурет ілінеді. Балалар қолғаптардың сыңарын тауып бір -біріне қосу керек.</p>	ермексаз, тақтайша, сұлгілер, қолғапты мүсіндеу үлгісі, сұ, дидактикалық ойын